

Мемлекеттік органдардың басшыларын (әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді) аттестациялауды өткізу үшін аттестациялық комиссиялар құру ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2002 жылғы 26 маусымдағы N 02-2-4/88 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 8 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1914. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 13 қазандағы № 158 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 13.10.2020 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді аттестациялауды өткізу ережелерін бекіту туралы" 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 327 Жарлығын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Мемлекеттік органдардың басшыларын (әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді) аттестациялауды өткізу үшін қоса беріліп отырған Аттестациялық комиссиялар құру ережелері (бұдан әрі - Ережелер) бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастан іске қосылады.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының
2002 жылғы 26 маусымдағы N 02-2-4/88
бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік органдардың басшыларын (әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді) аттестациялауды өткізу үшін аттестациялық комиссиялар құру ережелері

Осы Ережелер мемлекеттік органдардың басшыларын (мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді) аттестациялауды өткізу үшін аттестациялық комиссиялар (бұдан әрі - Комиссия) құру және олардың құрамдарын жасақтау рәсімдеріне қойылатын талаптарды айқындайды. Ережелер Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан

Республикасы Президентінің "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестациялауды өткізу ережелерін бекіту туралы" 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 327 Жарлығына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Комиссия мемлекеттік органдар басшыларының (мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің) (бұдан әрі - басшы) кәсіби даярлығы, құқықтық мәдениеті деңгейін және азаматтармен жұмыс істеу қабілетін анықтау мақсатында құрылады.

2. Комиссияны заңнамамен белгіленген тәртіппен басшыларды тағайындауға құқылы лауазымды тұлға (бұдан әрі - лауазымды тұлға) құрады. Комиссияның жеке құрамын лауазымды тұлға бекітеді. Комиссияның құрамына төрағаны қоса, кемі үш адам кіруі тиіс.

3. Комиссия жоспарланған аттестация өткізілетін кезеңге құрылады.

4. Комиссияның шешімі Комиссия мүшелері, хатшы қол қоятын және лауазымды тұлғаның тиісті актісімен бекітілетін хаттамамен толтырылады.

5. Комиссияның шешімі ашық немесе құпия дауыс беру арқылы қабылданады және оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе қабылданған болып саналады. Дауыстарды есептеу кезінде Комиссия мүшелерінің мәжілісіне қатысушылардың дауыстары ғана есепке алынады.

Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

6. Комиссия мүшелері ондайлық айтылған жағдайда жазбаша мазмұндалуы және хаттамаға қоса тіркелуі тиіс айрықша пікір білдіруге құқылы.

7. Комиссия құрамына басқа бір мемлекеттік органның ведомствосындағы құрылымдық бөлімшелердің өкілдерін қосуға жол берілмейді.

8. Мәжілісте Комиссия мүшелерінің бірі болмаған жағдайда мәжіліс болмаған деп саналады.

9. Жоқ Комиссия мүшелерін алмастыруға жол берілмейді.

2. Комиссияның іс-қызметін ұйымдастыру

10. Комиссияның органдары:

1) төраға;

2) хатшы.

11. Комиссияның төрағасы оның іс-қызметіне басшылық етеді, Комиссияның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, жалпы

бақылауды жүзеге асырады және іс-қызмет пен оның қабылдайтын шешімдері үшін жауапкершілік көтереді.

12. Комиссияның хатшысы Комиссияның мәжілісіне тиісті материалдар, қажетті құжаттар дайындайды және ол өткізілгеннен кейін хаттама толтырады.

3. Комиссияның құрамын анықтау

13. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын орталық мемлекеттік органдар аумақтық бөлімшелерінің басшыларын аттестациялауды өткізу үшін Комиссия құрамына:

1) облыстық аумақтық мемлекеттік органдардың басшылары үшін:

орталық мемлекеттік органның басшысы, ал жауапты хатшы лауазымы енгізілген мемлекеттік органдарда, жауапты хатшы;

орталық мемлекеттік орган басшысының орынбасары;

аттестациялауға жататын қызметшілерге қарағанда сондай немесе одан жоғары лауазымға орналасқан мемлекет орган орталық аппаратының әкімшілік мемлекеттік қызметшілері;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген лауазымды тұлғалардан басқа аудандық аумақтық органдардың басшылары үшін:

аттестациялауға жататын қызметшілерге қарағанда сондай немесе одан жоғары лауазымға орналасқан мемлекеттік орган облыстық аумақтық органының жетекшісі, оның орынбасары, әкімшілік мемлекеттік қызметшілері кіре алады.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.09.03. N 02-01-02/113 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 -тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

14. Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың басшыларын аттестациялауды өткізу үшін Комиссия құрамына:

1) облыстар әкімдері аппараттарының басшылары үшін:

облыс әкімі;

облыс әкімінің орынбасарлары;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген лауазымды тұлғалардан басқа аудандар әкімдері аппараттарының басшылары үшін:

ауданның әкімі;

облыс әкімі аппаратының басшысы;

аудан әкімінің орынбасары;

облыс әкімінің аппараты басшысының орынбасары;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген лауазымды тұлғалардан басқа облыстық атқару органдарының басшылары үшін:

облыс әкімі аппаратының басшысы;

4) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген лауазымды тұлғалардан басқа аудандық атқару органдарының басшылары үшін:
облыс әкімінің аппараты басшысының орынбасары;
аудан әкімі аппаратының басшысы кіре алады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ